

Байшов Б.Б.¹, Четин Н.², Жапекова Г.К.³

¹ PhD докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., e-mail: dil_123@mail.ru

² PhD, Кыршехир Ахи Эвран университетінің профессоры,
Түркия, Кыршехир қ., e-mail: nursulu@mail.ru

³ Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің доценті,
Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., e-mail: gulfairusk@mail.ru

**«КАСПИЙ МҰНАЙЫ» МӘСЕЛЕСІ ЖӘНЕ
ЖАҢА ТАРИХИ ЖАҒДАЙДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН**

Дүниежүзінің көптеген мемлекеттерінде жоқ табиғи байлықтарға ие, әрі Еуразияның орталығындағы стратегиялық маңызды аймақта орналасқан еліміздің сыртқы саясаты мен экономикасында ерекше орын алатын саланың бірі мұнай-газ және көмірсутек бағытындағы ахуалды сараптаудың маңызы өте зор. Қазіргі тарихи сахнада, мемлекеттер арасындағы қарым-қатынас саласында маңыздылығы артып отырған шикізат қорының ролі ерекше екендігі белгілі. Себебі әлемнің алпауыт елдерінің арасында дүниежүзілік қуат көздері үшін дипломатиялық тұрғыдағы күрестің жүріп жатқандығы ешкімге де құпия емес. Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан қалыптасқан мәселелерді реттеуде шетелдік мемлекеттердің арасындағы бәсекелестік мен мүдделер тоғысын есепке алуға бағытталған салиқалы саясат жүргізді және жеке мемлекет ретіндегі ұстанымдарын бекемдей алды. Мақалада Қазақстанның Каспий теңізі шекарасын айқындауға байланысты шектес мемлекеттермен жүргізген дипломатиялық іс-әрекеттері мен қуат саласында Каспий мұнайы мен газын тиімді пайдаланудың ерекшеліктері қарастырылады. Осымен бірге, XX ғасырдың соңғы онжылдығынан бергі кезеңдегі Қазақстанның көмірсутек шикізаты саласындағы берік ұстанымдарына тарихи талдау жасау мақсат ретінде қойылады. Жұмыстың маңыздылығы Каспий өңіріндегі мұнай-газ бағытында еліміздің жүргізіп отырған саясатының арнайы тарихи тақырып ретінде қарастырылуында.

Авторлар салыстырмалы-тарихи сараптама жасау негізінде мәселелік-хронологиялық әдісті қолдана отырып, саясаттағы мұнай факторының тарихын ашып көрсетеді.

Түйін сөздер: Каспий аймағы, дипломатия, көпжақты саясат, мұнай, әлемдік нарық, посткеңестік кезең, Парсы шығанағы.

Baishov B.B.¹, Chetin N.², Zhapekova G.K.³

¹ PhD doctoral student, Eurasian National University L.N. Gumilev,
Kazakhstan, Nur-Sultan, e-mail: dil_123@mail.ru

² Prof. Dr. Kirsehir Ahi Evran University, Turkey, Kirsehir, e-mail: nursulu@mail.ru

³ Associate Professor Eurasian National University L.N. Gumilev,
Kazakhstan, Nur-Sultan, e-mail: gulfairusk@mail.ru

**The Problem of «Caspian Oil» and Kazakhstan
in the New Historical Conditions**

Of particular importance is the analysis of the situation around the hydrocarbon sphere, since oil and gas as natural resources are absent in many countries of the world. For Kazakhstan, located in the center of Eurasia, the availability of oil and gas resources is an important factor not only in the economy, but also in foreign policy. After all, it is well known that oil-producing countries acquire great interest in the functioning of modern international geopolitics. Moreover, between major world players there is a struggle for influence on them. In these conditions, Kazakhstan, after gaining independence, seeks to pursue its own foreign policy course, taking into account the particularities of the struggle of the interests of the leading powers. The article discusses the diplomatic efforts undertaken by Kazakhstan to determine the borders of the Caspian with neighboring states and the issues of efficient use of Caspian oil and gas in the country's energy sector. In this regard, we aim to carry out a historical analysis of the position of Kazakhstan in the development of its hydrocarbon industry since the end of the twentieth century. The scientific significance of the work lies in the fact that the policy of our state in the oil and gas region of the Caspian is considered as a specific historical topic.

The authors, based on a comparative historical analysis, as well as using the problem-chronological method, examine the history of the oil factor in politics.

Key words: Caspian region, diplomacy, multi-vector policy, oil export, world market, contract of century, cold war, post-Soviet time, Persian Gulf.

Байшов Б.Б.¹, Четин Н.², Жапекова Г.К.³

¹PhD докторант, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Казахстан, г. Нур-Султан, e-mail: dil_123@mail.ru

²PhD, профессор Кыршехирского университета имени Ахи Эвраана, Турция, г. Кыршехир, e-mail: nursulu@mail.ru

³Доцент Евразийского государственного университета им. Л.Н. Гумилева, Казахстан, г. Нур-Султан, e-mail: gulfairusk@mail.ru

Проблема Каспийской нефти и Казахстан в новых исторических условиях

Особое значение имеет анализ ситуации вокруг углеводородной сферы, поскольку нефть и газ как природные богатства отсутствуют во многих странах мира. Для Казахстана же, находящегося в центре Евразии, наличие нефтегазовых ресурсов является важным фактором не только экономики, но и внешней политики. Ведь общеизвестно, что большой интерес в рамках функционирования современной международной геополитики приобретают нефтедобывающие страны. Более того, между крупными мировыми игроками идет борьба за влияние на них. В этих условиях Казахстан, после обретения независимости, стремится проводить собственный внешнеполитический курс, учитывая особенности борьбы интересов ведущих держав. В статье рассматриваются предпринятые Казахстаном дипломатические усилия по определению границ Каспия с сопредельными государствами и вопросы эффективного использования каспийской нефти и газа в энергетической отрасли страны. В этой связи, мы нацеливаемся осуществить исторический анализ позиций Казахстана в рамках развития его углеводородной отрасли с конца XX века. Научная значимость работы состоит в том, что политика нашего государства в нефтегазовом регионе Каспия рассматривается как специфическая историческая тема.

Авторы, на основе сравнительно-исторического анализа, а также используя проблемно-хронологический метод, рассматривают историю нефтяного фактора в политике.

Ключевые слова: Каспийский регион, дипломатия, многовекторная политика, нефтяной экспорт, мировой рынок, контракт века, холодная война, постсоветский период, Персидский залив.

Кіріспе

1991 жылы еліміз демократиялық мемлекеттілік пен нарықтық экономика жолына түсіп, тарихи тандау жолын жасады. Бұл қадам әлемдегі «Қазақстандық жолдың» негізгі даму мазмұнын анықтап берді. Қазақстан осы жылдар ішінде халықаралық саясатта белсенді роль атқарып, сыртқы саясаты өзіндік мазмұнға ие мемлекетке айналды және сыртқы қарым-қатынас саласында күрделілігі мен жаңашылдығы жағынан мәселелерді шешудің тәжірибесі жинақталды.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде Каспий теңізі бағытындағы ұстанымдарын нығайту жолында еркін қадамдар жасау мүмкіндігіне ие болғанымен, көптеген уақыт бойы басты мәселе теңіздің құқықтық мәртебесінің анықталмауына тіреліп отырды.

Аталған мәселе тұрғысынан алып қарағанда Қазақ елі әлемдегі ең бір маңызды сала қуат өндіру бағытында да тәуелсіз саясат жүргізуге ты-

рысуда. Қуат көздерін өндірудегі тәуелсіздігіміз Қазақстан Республикасының мемлекеттілігіне, болашақ ұрпақтар алдындағы отанымыздың қауіпсіздігі мен халқымыздың әл-ауқатының артуына да өзіндік әсерін тигізетіндігі сөзсіз.

Қазақстан Республикасының саяси-геоэкономикалық өмірінде маңызды орын алатын мұнай саласының болашақтағы орны мен маңызы туралы қазіргі таңда көптеген саяси стратегтер мен сарапшылар өз пікірлері мен зерттеулерін жүргізгенімен, отандық тарих пен саясат саласында, қазақ тілді ғылыми ортада бұл мәселені жан-жақты зерттеуді мақсат еткен монографиялық еңбектер өте аз. Сондықтан да әлемдік саяси ойыншылардың көз тігіп отырған аймағының бірі болып табылатын Каспий өңірі айналасындағы қуат көздері үшін жүргізілген күрестің тарихына және осы мәселеге байланысты Қазақ елінің ұстанымы мен саясатына тарихи сараптама жасау біздің негізгі мақсатымыз болып табылады.

Мәселенің әдістемесі

Қазақстан Республикасының сыртқы саяси бағытының ерекшеліктері мен оның тиімділігі болашақ үшін тарих болып қалатындығы ақиқат. Тарихи талдаусыз бүгінгі экономика, мемлекеттік құрылыс, халықаралық қатынастар, мәдениет, саясат және т.б. болашақ жас ұрпақ үшін түсініксіз болуы да ғажап емес. Сол үшін де мемлекетіміздің жүргізіп отырған саясатының ерекшеліктері және осыған байланысты қалыптасқан тарихи ахуалдың барысын әдістемелік жағынан арнайы тәуелсіз мемлекетіміздің мүддесі тұрғысынан қарастыратын зерттеулер қажет. Аталған мәселені осы тұрғыдан қарастыруды мақсат еткен ғылыми мақаламыздың жалпы ғылымилық әдіснамасы мәселені тарихилық тұрғыда зерттеу мен логикалық жағынан ұғынықты түрде ашып көрсетуге негізделген. Тақырыпты ашу мақсатында Каспий мұнайына қызығушылық танытқан елдердің мүдделері мен саясаттарын салыстыру, олардың Каспий мұнайына байланысты саясаттарын жүйелеу бағыттары бойынша статистикалық талдаулар жасалынды. Ғылыми мәліметтер жинақтау барысында осы бағытта арнайы зерттеулер жүргізген тарихшылар мен саясаттанушылардың еңбектері жинақталып, оларға сын көзбен қарау арқылы деректік мәліметтер алу жұмысы жүргізілді. Бұдан басқа, нақты тарихи талдау, сараптау, қорыту әдістері қолданылды.

Каспий мәселесінің маңызы

Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаев 1998 жылы жарық көрген «Тарих толқынында» еңбегінде «XX ғасырдың аяғына таман тәуелсіздік алумен байланысты Орталық Азиядағы жағдай өзгерді. Енді Орталық Азия өзінің тасымал мүмкіндіктерін нығайту үстіне өзі де дүниежүзілік нарыққа құнды тауарлар – мұнай мен газ, тау-кен және ауылшаруашылық шикізаттарын бере алатын болады. Ежелгі Жібек жолының жалпы сұлбасымен XXI ғасырда мұнай-газ құбырлары тартылады.» (Назарбаев, 1999:266), – деп жазғанындай, қазіргі Қазақстан жерінде осы идеялардың жүзеге асырылып жатқандығының куәсі болып отырмыз.

КСРО ыдырағаннан кейін Қазақстан Республикасы бұрынғы посткеңестік елдер секілді Каспий теңізінің мұнайын игеру және оны тасымалдауда тәуелсіз ел ретіндегі алғашқы әрекеттерін жасай бастағандығы белгілі. Осы

бағытта теңіз жағалауы мемлекеттерінің өзара іс-қимылының олардың саяси және экономикалық мүдделерін қамтамасыз етуге, теңіз ресурстарын ұтымды пайдалануға жәрдемдесетін халықаралық-құқықтық база жасау Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін айқындаудың мақсаты болып табылады. Өзара қолайлы шешімдерді іздестіру үшін екі жақты немесе бес жақты тұрпатта кеңес берулер мен келіссөздер жүргізілуде (Қазақстан тарихы, 2010:504).

XX ғасырдың 90-жылдарында Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін оның Каспий теңізі жағалауындағы басқа елдермен теңіздегі мемлекеттік шекарасы пайда болды. Теңіздегі шекара бұрын екі мемлекеттің, яғни, Кеңес Одағы мен Иранның мемлекеттік шекарасы болса, енді теңіз жағасында Ресей, Әзірбайжан, Қазақстан және Түркменстан секілді жаңа мемлекеттердің пайда болуы теңіздің құқықтық мәртебесін айқындауды халықаралық-құқықтық тұрғыдан қайта қарастыруды қажет етті (Султанов, 2012а:25).

Өз кезегінде жаңадан құрылған каспийлік мемлекеттер кезінде Ресей мен Парсы (Иран) елінің арасында жасалынған бұрынғы халықаралық шарттарға қатыспағандықтарын айта отырып, Каспийді өз мемлекеттері тиімді түрдегі ұлттық бөліктерге бөлуге күш салды. Әзірбайжан, Қазақстан мен Түркіменстан Ресей мен Иран секілді тарихи міндеткерліктері болмағандықтан, олар өздерін Каспий аймағындағы сыртқы саясатты жүргізуде еркін сезінді. Осы қалыптасқан жағдай тәуелсіздігін алған жаңа мемлекеттердің Каспийде белсенді біржақты әрекеттер жасауына түрткі болды (Zhiltsov, 2016:629).

Сонымен қатар, теңіздегі мұнай қорының молдығы мен КСРО сияқты алпауыт мемлекеттің күйреуінен аймақтағы геосаяси жағдайдың күрделі өзгеруі, батыс мемлекеттерінің аймақтағы саяси-экономикалық жағдайға белсенді араласа бастауы онсыз да қиын мәселені одан әрі күрделендіріп жіберді. Каспий теңізінің мәртебесін анықтауда осы теңіздің жағалауында орналасқан бес мемлекеттің мүддесі маңызды болғандықтан, Қазақстан да Каспий шекарасын межелеу үрдісіне тәуелсіз мемлекет ретінде белсенді араласа бастайды.

Қазақстан Республикасы осы бағытта 1994 жылы Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы Конвенция жобасын жасақтап, ұсынды және бес каспийлік мемлекеттің арасындағы келіссөздер жүргізу бастамасын көтерді. 1994 және 1995 жылдары жүргізілген көпжақты

және екі тарапты кеңес алмасулар Каспийге байланысты мәселелерді кейінге қалдырмай шешу қажеттілігін түсінуге мүмкіндік берді. Себебі аталған уақыттағы қазақ елінің саяси-экономикалық жағдайы мемлекеттегі билік тұтқасын ұстаған азаматтарын табыс көзін іздестіруге мәжбүр етті. Бұл реттегі табыс кіргізетін негізгі саланың бір мүмкіндігі Каспий теңізі көмірсутек қорларын шетелдік инвестиция көмегімен игеруге жол ашу болатын. Алайда, теңіздегі мұнай мен газ қорын игеру үшін Каспий жағалауындағы елдер мен мемлекеттердің барлығының келісімін алу, теңіз мәртебесін айқындау елдердің аталған мәселе турасындағы ұстанымдарының әртүрлі болуына байланысты үлкен қиындық тудырды. Каспий теңізінің халықаралық-құқықтық мәселесінің айқындалмауы көптеген жылдар бойы теңіз түбіндегі кен көздерін игеру мен оның бойында құбыр төсеу жұмыстары бойынша ауқымды халықаралық жобаларды жүзеге асыруға негізгі кедергі болды. Қызметі өзара әріптестікті дамыту мен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған Каспий бойы елдерінің барлығын қамтитын өңірлік ұйымдардың құрылуы аймақтағы геосаяси жағдайдың тұрақты болуында маңызды роль атқарады (Черницына, 2014:98).

Каспий мұнайының тарихы

Жалпы, Каспий теңізінің түбінде мұнайдың мол қоры жатқанын ХІХ ғасырдың өзінде Г.С. Карелин, М.И. Войнович, Н.И. Андрусов секілді орыс ғалымдары зерттеп жазып кеткен. Ал бұл қазынаны игеру мәселесі бірқатар халықаралық ұйымдардың, тіпті Каспий теңізіне үш қайнаса сорпасы қосылмайтын әлемдік алпауыт елдердің де мүдделеріне айнала бастағанына ғасырдан асып барады (Бейсембаева, 2013:15).

Каспий қойнауында кеңестік кезеңнен бері мұнай өндіру қарқыны шектеулі (жеткілікті түрде жақсы игерілген Баку мұнайлы ауданын қоспағанда) түрде болғанымен, өңірдің кен көздері жақсы зерттелген. Каспий қайраңындағы мұнайды өндірістік негізде игеру 1925 жылы Әзірбайжанда басталды. 1930 жылдардан бастап мұнай Избербаш теңіз кен орнында игеріле бастады. Дағыстанның Инчхе-теңізіндегі өндірістік жұмыстар бұдан шамалы кештеу басталады. Ал Каспий теңізінің қазіргі түркімендік бөлігіндегі мұнай мен газ өндіру 1970 жылдардың аяғынан бастап жүрді.

Кеңестер Одағында теңіздің терең қойнауындағы кен орындарын игеруге қажетті

технологияның болмауы ел үкіметінің Каспий аймағын толықтай игеруді кейінге шегеруіне және мұнай игеруде 1970-1980 жылдары елдің негізгі қуат-шикізат базасына айналған Батыс Сібір мұнайлы ауданына басымдық беруіне ықпал етті. Кеңестік кезеңдегі мұнай ұңғымаларын бұрғылау технологиясының қуаттылығы тек 200 метрге дейінгі тереңдікке ғана арналды және олардың қуаттылығы әзірбайжандық 200-700 метр тереңдікте орналасқан Шах-Теңіз, 200-400 метр тереңдікте орналасқан Азери және Чираг ірі мұнай кен орындарын игеруге жетпеді. Нәтижесінде жер бетінен терең қашықтықта орналасқан осы секілді кен орындарын 1990 жылдарға дейін ешкім игере алмады (Абишев, 2004:90).

КСРО тек 1980 жылдардың аяғынан бастап қана Батыс Сібір кен орындарының азаюына байланысты болашақтағы негізгі мұнай игеру бағытын Каспиймен байланыстырып қарастыра бастайды. Кешенді геологиялық барлау жұмыстарының нәтижесінде 1992 жылға дейін-ақ Каспий теңізі қойнауындағы көмірсутектердің бай қоры анықталды. Каспий теңізіне жасалған кейінгі сараптамалық геологиялық бағамдау мұнай мен газдың ықтимал қорының көлемі 20 млрд тонна шамасында екенін анықтап берді. Каспий алабында кеңестік кезеңде 250-ден аса тұйық құрылым анықталса, олардың 47-сі бұрғылауға дайындалып, 70 нысанда терең барлау жұмыстары жүргізілді және 20 шақты мұнай және газ кен орындары ашылды (Абишев, 2004:90).

КСРО ыдырағаннан кейін біз қарастырып отырған Каспий аймағының дәстүрлі инфрақұрылымы өзгеріске түсті. Жаңадан құрылған каспийлік мемлекеттердің алдында қуат көздерін тасымалдаудың жаңа балама жолдарын іздестіру қажеттігі туындайды. Бұл негізінен осы аймаққа ықпалын кеңейтуді мақсат еткен шетелдік мемлекеттерге де тиімді болатын. Саясатшы З. Бзежинскийдің осы турасында Каспий мұнайы – Орталық Азия мен Кавказды Ресейдің ықпалынан босатуға мүмкіндік береді және аталған өңірлерді әлемдік нарыққа шығарудың оңтайлы құралы деп мәлімдеді (Черницына, 2014:94).

Әлемдік саясаттағы Каспий мұнайы факторы

Қалыптасқан жаңа заман талаптарының ерекшеліктеріне байланысты Қазақстан 1990 жылдардан бастап қазақ мұнайы мен газын иге-

руге қызығушылықтарын білдірген шетелдік компанияларға Каспий жағалауы қорларын игеру мүмкіндігін бере бастайды. Олардың ішінде ең алғаш болып XX ғасырдың аяғындағы әлемдегі ең әлеуетті мемлекет болып есептелген АҚШ-тың іскерлік топтары мен мұнай компаниялары өз саяси-экономикалық бағдарламаларын жасақтап, Қазақстандағы жұмыстарын бастап кетті.

Америкалық «Стандарт ойл» мұнай компаниясының негізін қалаушы, миллионер Джон Рокфеллердің: «Кім мұнай көліктерін бақыласа сол мұнай өңдеу мен оның түсімін де қолына ұстайды» деген сөзі (Дарабади, 2010:203) жаңадан тәуелсіздік алған Каспий бойындағы мұнайлы елдердің қуат көздерін өндіру ерекшеліктеріне де сай келді.

АҚШ-тың федералдық үкіметі мен іскерлік топтары XX ғасырдың 90-жылдарынан бастап ақ шикізат қоры бар мемлекеттердегі батыстық және америкалық көңіл-күй неғұрлым мығым елдерге соғұрлым сенімді әріптес ретінде қарау керек деген ұстанымды негізге алды. Осы тұрғыдан Вашингтон Каспий аймағын басынан бастап-ақ көмірсутек шикізатының табиғи қорлары азайған кезде немесе әлемдік нарықтағы бағалар өзгерген жағдайда қажетті аймақ ретінде қарастырды.

Вашингтон әкімшілігінің Каспий өңіріне ерекше көңіл аударылу қажеттілігі туралы алғашқы нұсқаулығы АҚШ президентінің ұлттық қауіпсіздік жөніндегі көмекшісі С. Бергердің 1997 жылдың наурызындағы баяндамасында айтылады. Каспий аймағы қорларының толықтай алғандағы маңыздылығы жөнінде осы жылдың мамыр айындағы Ақ үйде жасалған «Жаңа ғасырға арналған ұлттық қауіпсіздік стратегиялары» баяндамасында: «Ел қорларының бітуіне байланысты АҚШ-тың шетелдік мұнай көздеріне тәуелділігі өсе түседі» делініп, тағы да айтылып өтеді (Жильцов, 2009:35).

1998 жылы АҚШ-та «Каспий теңізі бойынша бастама» (Caspian basin Initiative) атауымен танылған баяндама жарыққа шықты және Каспий теңізінің қуаттық мәселелері бойынша АҚШ президенті мен Бас хатшысының арнайы кеңесшісі қызметі ашылады. 1999 жылдың мамырында Конгресс «Жібек жолы стратегиясы туралы» деп аталған заң жобасын қабылдайды. Аталған құжатта АҚШ-тың «сенімсіз Парсы шығанағының» қуат саласына тәуелділігін азайтуға мүмкіндігі бар Оңтүстік Кавказ бен Орталық Азия елдерінің экономикалық және саяси тәуелсіздігіне қолдау білдіру қажеттілігі

көрсетілді (Центральная) (Султанов, 2012б:133-134).

АҚШ әскери ведомствосының 1990 жылдары-ақ жасақтаған жоспары бойынша НАТО-ның орталық командованиясі Каспий өңірін, ал еуропалық командованиясі (Еуропадағы АҚШ-тың әскері) – Каспий өңірін Батыспен байланыстыратын жолдардағы тәртіпті қамтамасыз етуге тиіс болды. 2000 жылдың қыркүйегіндегі НАТО әскери кеңесінің мәжілісінде Түркия қарулы күштері Бас штабы басшысының бастамасымен Стамбулда Орталық Азия, Кавказ, Балқан аймағына жауапты НАТО-ның жедел іс-қимыл күштерінің штабын құру мәселесі қарастырылды (Вовк, 2013:30-35).

1999 жылдың шілдесінде Каспий теңізінің қуаттық мәселелері бойынша АҚШ президенті мен Бас хатшысының арнайы кеңесшісі қызметін атқаруға америкалық дипломат, АҚШ-тың Малайзия мен Азия-Тынық мұхит кеңесіндегі бұрынғы елшісі Дж. Уолф тағайындалды. Дж. Уолфтың қуат көздері бойынша жүргізген дипломатиясының басты нысаны Түркия, Грузия, Әзірбайжан, Түркіменстан және Қазақстан арқылы жүруге негізделді. 2003-2004 жылдардағы АҚШ-тың базалық ұстанымы Баку-Тбилиси-Джейхан құбыр желісі жобасы мен Түркіменстан және Әзірбайжаннан келетін Транскаспий газ желісін біріктіруге, Грузия арқылы Түркияға және одан батыс нарығына шығаратын Еуроазиаттық қуат дәлізін құруға бағытталды (Вовк, 2013:31).

1994 жылдың күзінде Бакуде қол қойылған, кейіннен «Ғасыр келісімі» деген атау алған, Баку-Тбилиси-Джейхан мұнай құбырын салу жобасы шарты жасалғаннан кейін, Оңтүстік Кавказдағы, тіпті барлық Кавказдағы геосаяси жағдай өзгеріске ұшырап, Каспий мұнайын әлемдік нарыққа тасымалдау бағытын таңдау мәселесі өзекті бола түседі.

Шындығында «Баку-Тбилиси-Джейхан» құбыр желісі жобасы ұзақ қашықтықты (1800 шақырым) қамтығандығына байланысты АҚШ үшін басқа да экспорттық жобалардың ішіндегі қымбаты (3 миллиард долларға) болды. Қазақстанның жобаға қатысу туралы келісімін алуға АҚШ, Түркия, Әзірбайжан мамандарының 7 жыл уақыты кетті және 2005 жылы құрылысы 10 жылға жуық уақытқа созылған «Баку-Тбилиси-Джейхан» құбыр желісінің құрылысы аяқталды.

Баку-Тбилиси-Джейхан экспорттық құбыр желісі жобасын жүзеге асыру геосаяси әрі геоэкономикалық маңызға ие болды. Ол арқы-

лы біріншіден, Түркия мен Грузия арқылы Әзірбайжан, одан әрі барлық Каспий мұнайының Батысқа жолы ашылса, екіншіден, аталған жоба Ресейді айналып өтуге бағытталғандығымен-ақ Ресейдің экономикалық ұстанымын әлсіретуді көздегендігі (Магомедов, 2005:102) анық.

Осы құбыр желісін жүзеге асыруда маңызды роль атқарған, Кавказ елдерінің ішіндегі Қара теңізге тікелей шығатын, аймақтағы үлкен стратегиялық маңызға ие жалғыз ел – Грузия билігіне 2003 жылғы «Раушан гүлдер төңкерісі» нәтижесінде ашық түрде батыстық даму жолын жақтаушылар келді. Грузияның жаңа жетекшілерінің өз болашағын Батыспен, оның ішінде НАТО-мен байланыстырып отырғандығын жеткілікті түсінген Ресей 2008 жылдың тамыз айындағы грузин билігінің сәтсіз әскери-саяси қадамын пайдаланып (Дарабади, 2010:167), БТД құбыр желісі жобасы жұмыстарын тоқтатып тастады. Аталған Грузия оқиғасынан кейін аймақтың мұнай құбыры картасы үлкен өзгеріске түсті. Осы жағдай арқылы Баку-Тбилиси-Джейхан құбыр желісі өтетін Абхазия және Солтүстік Осетия жерлеріне саяси ықпалын жүргізуге қолы жеткен Ресей АҚШ-тың бастамасымен салынған, Каспий мен Қара теңіз арасын жалғастырып тұрған балама құбыр желілеріне бақылауын біршама деңгейде күшейте алды (Черницына, 2014:95). 2008 жылдың 12 тамызындағы грузин-ресей кикілжіңінен кейін Грузия қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында Баку-Тбилиси-Джейхан құбыр желісі жұмысын тоқтатса, қуат көздерін осы жолмен экспортқа шығаруды көздеген Әзірбайжан Баку-Новоресей бағытына, Қазақстан – өзінің ішкі нарығына бет бұра бастайды (Томберг, 2008).

Қазақстанның мұнай саласындағы ұстанымы мен саясаты

Қазақстан Каспий жағалауындағы тәуелсіздік алған жаңа мемлекеттердің арасында айтарлықтай мұнай қорына ие ел. Бастапқы кезеңде қазақ мұнайын тасымалдаудың басты бағыты Ресей жері арқылы (Каспий құбыр желісі консорциумы мұнай желісі мен Атырау-Самара мұнай желісі) өтті. Ресей мен Қазақстанның теңіз қойнауын бөлісу мәселелерін алғаш рет толықтай реттеген каспийлік мемлекеттер болғандығы да аймақтағы тұрақтылық пен каспийлік мұнай жобаларының инвестициялық жағынан тартымдылығына әсер етті. Сонымен қоса, қазақ мұнайының Ресей жері арқылы ғана тасымалдануы Ресейдің өз жерінен өтетін

мұнай көлемін өз мүдделеріне сай, біржақты түрде реттеуіне мүмкіндік берді және осы жолдағы Қазақстанның өз бетінше іс-әрекет жасауына шектеу жасады. Қазақстанның әлемдік қуат нарығында Ресеймен бәсекелес екендігін есепке алсақ, қысымның аталған түрінің белсенді қолданылатындығы белгілі. Осыны түсінген Астана мұнай тасымалдау бағытын әртараптандыру мақсатында 1990 жылдардың аяқ жағынан бастап елдің батыс (Ақтау порты және Баку-Тбилиси-Джейхан құбыр желісі арқылы), шығыс (Атасу-Алашанькоу) және оңтүстік (қазақ мұнайын Ақтау порты арқылы Иран порты Некаға дейін жеткізу мүмкіндігі) бағыттарына қарай қуат көздерін шығаратын жолдар іздестіре бастайды.

Мұнай тасымалдауды осылай әртараптандыру Қазақстанның Ресей мұнай құбырларына тәуелділігін азайтып, Астананың еркін саяси іс-қимылдар жасауына үлкен мүмкіндіктер беретін. Осымен қоса Қазақстан өз мұнайын тасымалдау бағыттарын таңдаудағы ұзақ мерзімге бағытталған экономикалық және саяси мүдделерін басқа да каспийлік елдердің жағдайларын есепке ала отырып негіздеуімен де ерекшеленді (Гарашова, 2010: 36).

1998 жылдың шілдесіндегі жер қойнауларын игеру құжын жүзеге асыру мақсатындағы Каспий теңізінің солтүстік бөлігінің түбін бөлісуге байланысты болған қазақстандық-ресейлік келісімге қол қою сәтінде Қазақстан Президенті Н.Назарбаев «Каспийдегі саяси тұрақтылық мәселесін шешпей тұрып, мұнай туралы әңгіме қозғауға болмайды. Мұнай көбінесе байлық немесе қан береді. Бізге алапат мұнайдың келуі үшін тек мұнай құбырлары ғана емес, саяси шешімдер де қажет», – деген пікір арқылы Қазақстанның Каспий мұнайын игеруде өте сақ әрі мұқият іс-әрекеттер жасайтындығын аңғартты (ҚР ПА, 75-Н-қ, 1-тізбе, 4532-іс. 8-п.)

2005 жылдың 24-25 мамырында Әзірбайжан Республикасына ресми сапарында Баку-Тбилиси-Джейхан мұнай құбырының әзірбайжандық бөлігінің ашылуы қарсаңында көпшілік алдында Қазақстан президенті Н. Назарбаев: «Қазақстан Әзірбайжан елімен барлық салада да әріптестік орнатуға дайын» дей келе, «Баку-Тбилиси-Джейхан құбыр желісі ұғымына Ақтау атауын да қосу қажет» деген ұсыныс жасады (Мамедов, 2005).

Осылайша Қазақстан тәуелсіз мемлекет ретінде Каспий мұнайын игеріп, шетелге шығару мақсатында үшінші мұнай құбырына жол ашу қадамын жасады. Бұған дейін Атырау-Самара

ра мұнай құбыры үздіксіз жұмыс жасап тұрған болса, Теңіз және Қарашығанақ мұнайын тасымалдау мақсатындағы Каспий мұнай құбыры консорциумының алғашқы жобасы 2002 жылы іске қосылған болатын.

Қазақстан Республикасының Ұлттық архиві қорында бұл туралы: «Каспий құбыр желісі консорциумы (әрі қарай КҚЖК – авт.) Қазақстан Республикасындағы Теңіз және Қарашығанақ кен орындарындағы мұнайды Ресей Федерациясы аумағы арқылы Новоресей қаласы теңіз терминалына дейін жеткізу мақсатында құрылған. Жобаның алғашқы кезегі 2002 жылы пайдалануға берілген. КҚЖК-ні кеңейту жобасын жүзеге асыру Теңіз және Қарашығанақ кен орындарындағы мұнай өндірудің өсу қарқынына негізделген. Жобаны жүзеге асырудың экономикалық тиімділігі құбыр желісіне қатысушы акционерлер тарапынан мойындалған. Қазіргі таңда КҚЖК акционерлері жобаны жүзеге асыру жағдайларын келісуде» (ҚР ҰА, 179-қ, 1-т, 1148-іс, 3-5-пп) – деген мәлімет келтіріледі.

Қазақстан Республикасы мұнай саласынан экономикаға келетін түсімді арттыру және тасымалдау бойынша тәуелсіз іс-әрекеттер жасау мақсатында түрлі нұсқаларды, оның ішінде шығыс бағытын да қарастырды. Алайда қалыптасу үстіндегі қазақ-қытай қатынастары тұсында көптеген қиыншылықтар кездесіп, жобалардың қымбат болуы олардың құрылысын кейінге шегерумен аяқталып отырды. Дегенмен де, Қазақстанда көмірсутек шикізатының айтарлықтай қорларының ашылуы мұнай мен газды шығыс (Қытай) бағытында да тасымалдауға мүмкіндік беретін құбыр желілері жобасының жасақталуына алып келді.

Қазақстан – Қытай бағытындағы құбыр желісі құрылысының тарихы 1996 жылдан, яғни Қытай компанияларының мұнай тасымалдау және өндірумен айналысатын «Ақтөбемұнайгаз» және «Өзенмұнайгаз» кәсіпорындарының бақылау пакеттеріне ие болуынан басталады. Осы оқиға Каспий құбыр желісі консорциумына бәсекелес болу мүмкіндігі бар құбыр желісі жобасының талқылана басталуына серпін берді.

ҚР Үкіметі мен ҚХР үкіметі арасындағы 2004 жылдың 17 мамырында Пекин қаласында қол қойылған мұнай мен газ саласындағы жан-жақты ынтымақтастықты дамыту туралы Шекті келісімге сәйкес Қазақстан мен Қытай 2004 жылдан бастап 50 млн тоннаға дейін мұнай өткізу қуаттылығына ие болу мүмкіншілігі бар Батыс Қазақстан-Батыс Қытай құбыр желісі құрылысын бірге жүргізе бастады (Балаубае-

ва, 2012:62). Құбыр желісінің алғашқы бөлігі ретінде Атасу (Қарағанды облысы, Қазақстан) – Алашанькоу (ҚХР-дағы ірі мұнай қабылдау-өткізу пункті) жобасы жүзеге асырылып, ол 2006 жылы пайдалануға берілді. Бұл Қазақстанның Ресей аумағы арқылы өтпейтін алғашқы мұнай құбыр желісі болатын (Жильцов, 2014:147-148).

XXI ғасырдың басында Қытайдың қуат саясатында төмендегідей өзгерістер байқалады: біріншіден, Қытайдың Қазақстанмен саясаты жаңа деңгейге көтеріліп, стратегиялық әріптестік сипатына ие болды; екіншіден Қазақстан Қытай экономикасының шикізат көзіне айналды; үшіншіден, Қытай Орталық Азия кеңістігіндегі «мұнай-газ» ойыншыларының қатарына белсенді түрде қосылды; төртіншіден, Қытай Орталық Азия елдері мен компанияларының экономикаларын несиелендіру арқылы мұнай-газ және инфрақұрылым саласындағы ірі жобаларды жүзеге асыра бастайды (Центральная Азия сегодня, 2011:294)].

Осылардың нәтижесінде 2009 жылы Батыс Қазақстан-Батыс Қытай құбыр желісінің құрылысы аяқталды. Оны Қазақ мұнайын Ресейді айналып өтіп, сыртқы нарыққа шығаратын жаңа экспорттық жоба деп айтуға болады. Салынған құбыр желісін толық қуатында жұмыс жасату үшін Каспийдің мұнайлы қайраңы қажетсінген Пекин осы мәселені шешу жолында белсенді әрекеттер жүргізе бастайды.

Қазақстан мұнайын тасымалдаудағы Қытайдың қол жеткізген басымдықтарына мұнайды тасымалдау мен нарыққа сатуға жұмсалатын шығынның өзара арақатынасының тиімділігі, өнімді тұтынушыға тіке жеткізу мүмкіндігі, мұнай бағытының аса ұзақ еместігі, үшінші елдер арқылы тасымалдауда болуы мүмкін ықтимал экономикалық және саяси кедергілердің жоқтығын жатқызамыз.

Каспий өңірінде тарихи қалыптасқан орны мен мүдделері бар Ресей мемлекетінің ұстанымдарының да Қазақстан үшін маңызы зор болып табылады. КСРО ыдырағаннан кейінгі уақытта есеңгіреп қалған Ресей Федерациясы билігіне XXI ғасыр басында В.В. Путин келгеннен кейін бұл ел сыртқы саясатындағы жолын айқындай бастайды. Каспий теңізі мәселелері бойынша Ресей президентінің арнайы өкілі лауазымы тағайындалып, теңіз ісі, теңіз мәртебесін айқындауға байланысты жұмыстарды тезірек анықтау мақсатындағы іс-шаралар жүйелі түрде жасақталып, жолға қойылды.

Ресейдің сыртқы саясатындағы каспийлік бағыттың мақсаттары төмендегіше болды:

1) Каспийге аймақтан тыс мемлекеттерді жібермеу және олардың өңір мемлекеттеріне ықпалын шектеу; 2) Ресейді айналып өту мақсатында салынып жатқан Транскаспий мұнай құбырының жүруіне кедергі жасау. Қазақстандық сарапшылар бұл мақсаттарға жету үшін Мәскеу өзінің қолында бар дипломатиялық, заңдық-құқықтық, тіпті әскери мүмкіндіктер мен құралдарды пайдаланатындығы анық деген пікір білдірді (Центральная Азия и Каспийский регион, 2012:89).

Орыс елі Ресей сарапшылары осы жолда Ресей 2008 жылғы «Грузияны бітімге мәжбүрлегеніндей» әскери қимылдар қолдана алады деп те айтуда. Тіпті ТМД елдері институтының бөлім меңгерушісі М. Александров «бұл жолы Ашхабад пен Бакуді халықаралық құқықты сақтауға шақыруға тура келеді. Егер олар басқаша түсінбейтін болса, тіпті авиасоққы жасалуы да мүмкін» деген ойын білдірді (Центральная Азия и Каспийский регион, 2012:89). Осылайша үлгіде Каспийде қазіргі таңда тек қана дипломатиялық күрестің қайшылықтары ғана емес, Каспий жағалауы елдерінің әскери-теңіз күштерінің өсуі де байқалуда.

2014 жылғы Украинадағы жанжалдан кейін Ресейге қарсы АҚШ және оның одақтастарының санкциялары басталған уақыттан бері Каспий өңіріндегі Ресейдің саясаты біршама деңгейде әлсіреді деуге болады. Осы тұста, Ресей Федерациясының саяси-экономикалық салада қолдау табуға мүдделілігін жақсы түсінген Қытай тарапы «Жібек жолы экономикалық белдеуі» жобасын ұсынып, өңірдегі өз ұстанымдарын бекемдей бастайды. Бұрын Қазақстан мен Орта Азия, Каспий аймағында АҚШ, Ресей бақталастығы ғана жүрсе, енді осы мәселеге байланысты таласқа бұрын әртүрлі себептермен осы өңірге байланысты мәселелер бойынша бейтарап ұстанымда болған Қытай да араласа бастайды.

Жалпы Қытайдың басшысы Си Цзиньпиннің 2013 жылдың күзінде Қазақстанға келген визиттік сапарында Назарбаев университеті тыңдаушыларының алдында алғаш рет

жариялаған «Жібек жолының Экономикалық белдеуі» жобасы ұзақ мерзімдік стратегиялық бағдарлама болды және оның Ресей тарапынан үлкен ықыласпен қабыл алынбайтындығы да белгілі жайт. Аталған жоба орта ғасырлық «Жібек жолы» сүрлеуі бойымен жұмыс жасауды негізге алған және Қазақстанның осы жоба аясында транзиттік мемлекетке айналуының маңызы зор делінгенімен, қазіргі қазақ елі басшылығы қуат көздерін өндіру мен тарату мәселесі бойынша бұрынғы көп бағытты саясатынан айырылмайтындығы анық.

Қорытынды

Каспий теңізі посткеңестік кезеңдегі әлемдік және өңірлік жетекші державалардың назарын өзіне аударған маңызды тарихи аймақ. Бұл өңірдің көмірсутек қорлары мен аймақтың геосаяси ерекшеліктеріне де байланысты екендігі анық. Өңірдің Еуразия құрлығының ортасында орналасуы, саяси құрылымы, өзін қоршаған мемлекеттер мен әлемдік державалардың арасындағы кейбір байланыстар мен олардың бір-бірімен қарым-қатынастары «суық соғыс» кезеңі аяқталғаннан кейін де тарихи-саяси маңызын жоймады. Аталған факторлар Каспий айналасындағы биполярлы жүйенің аяқталып, көпвекторлы геосаяси бәсекелестіктің өрбуіне алып келді.

Жоғарыда жазып кеткеніміздей, өңірдің геостратегиялық жағынан дүниежүзілік маңызды нысанға айналуы теңіз қойнауының қазынаға толы екендігімен тікелей байланысты. Осы тұрғыдан алып қарағанда, Қазақ елі басқа да теңізге шекаралас жатқан елдер секілді Каспий теңізі мәртебесінің айқындалуына тікелей мүдделі болды. Бұған еліміздің Каспиймен жағалауындағы, теңіз айналасындағы мұнай қорындағы үлесінің біршама ауқымда болуы да өзіндік әсерін тигізгендігі белгілі. Қазақстан осы жолда дипломатиялық қадамдар жасау арқылы бейбіт сұхбат жүргізіп, ел ұстанымдарын бекемдеді және мемлекет мүддесін сенімді түрде қорғай алды.

Әдебиеттер

- Абишев А.Е. (2004) Каспий: нефть и политика. Астана.
 Балаубаева Б.М., Ширинова М. (2012). Қазақстан-Қытай арасындағы мұнай саласындағы қарым-қатынастар . Б.М.Балаубаева . ҚазҰУ хабаршысы. Халықаралық қатынастар және халықаралық құқық сериясы. №4 (60). 58-68-бб.
 Бейсембаева Р.С., Абдрахманова Қ.К. (2013) Каспий аймағының экологиялық-құқықтық мәртебесі . Р.С. Бейсембаева . Шығыстың аймақтық хабаршысы. №1 (57). 15-20-бб.

- Вовк И.В., Иванов П.О. (2013) Республика Казахстан: поиск решения проблемы правового статуса Каспийского моря в последнее десятилетие XX века . И.В. Вовк . Вестник Оренбургского государственного университета. №5 (154). С. 30-35.
- Гарашова С. (2010). О некоторых геополитических аспектах стратегии США в Каспийском регионе . Кавказ и глобализация. Вып. 3-4. Том 4. С. 33-40.
- Дарабади П. (2010) Кавказ и Каспий в мировой истории и геополитике XXI века. – Москва: «Весь Мир». – 216-с.
- Жильцов С.С., Зонн И.С. (2009) США в погоне за Каспием. Москва: Междунар. отношения. 200-с.
- Жильцов С. (2014). Трубопроводы в Центральной Азии и Каспийском регионе: новый этап борьбы . Центральная Азия и Кавказ – Вып. 3. Том. 17. С. 139-153.
- Zhiltsov S.S. (2016). Russian-Iranian relations in the Caspian region: results and prospects . Жильцов С.С. Отношения России и Ирана в Каспийском регионе: итоги и перспективы. . Вестник РУДН. Международные отношения, 16 (4). С. 638-642.
- Каспийский регион: актуальные проблемы развития (экспертный взгляд): коллективная монография (2012) . Под общ. ред. Б.К.Султанова – Алматы: КИСИ при Президенте РК. – 212-с.
- Қазақстан Республикасы Президентінің архиві. 75-Н-қ, 1-оп, 4532-іс. 8-п.
- Қазақстан Республикасының ұлттық архиві. 179-қ., 1-т, 1148-іс. 3-5-пп.
- Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық, 5-том . Алматы: «Атамұра». 688-б.
- Магомедов А. (2005). Борьба за Каспийскую нефть и Каспийский транзит: геополитическое и региональное измерение . Центральная Азия и Кавказ. №1 (37). С. 93-106.
- Мамедов З. (2005). Региональная безопасность в контексте ОЭТ Баку-Тбилиси-Джейхан . Обозреватель – 2005. №7 (186). Режим доступа: <http://militaryarticle.ru/obozrevatel.2005-obozrevatel.13597-regionalnaja-bezopasnost-v-kontekste-ojet-baku> (Қаралған күн: 30.05.2019).
- Назарбаев Н. (1999). Тарих толқынында. Алматы: Атамұра. 296-б.
- Томберг И. Военные риски мировой энергетики . Режим доступа: <http://www.wprg.ru/archives.date.2008.08.19> <http://fondsk.ru/article.php?id=1548>. (Қаралған күн: 30.05.2019).
- Центральная Азия и Каспийский регион: риски, вызовы, угрозы. (2012). Под общ.ред. Б.К. Султанова. Алматы: КИСИ при Президенте РК. 224-с.
- Центральная Азия сегодня: вызовы и угрозы (2011). . Под общ. ред. К.Л. Сыроежкина. Алматы: КИСИ при Президенте РК. 456-с.
- Черницына С.Ю. (2014) Проблемы Каспийского региона: региональные и глобальные аспекты . Обозреватель-Observer. №12. С. 92-100.

References

- Abishev A.E. (2004) Kaspii: neft' i politika [Caspian: oil and politics.]. Astana [in Russian].
- Balawbaeva B.M., Shirinova M. (2012). Qazaqstan – Qıtay arasındaǵı munay salasındaǵı qarım-qatınastar [Relations between Kazakhstan and China in oil industry] . B.M.Balawbaeva . QazUY` xabars`ısı. Halıqaralıq qatınastar ja`ne xalıqaralıq quqıq seriyası, – KazNU Bulletin. Series of International Relations and International Law. KazNU Bulletin. Series of International Relations and International Law, 4 (60), 58-68 [in Kazakhian].
- Beysenbaeva R.S., Abdrahmanova Q.K. (2013) Kaspiy aymaǵınıń ekologiyalıq-quqıqtıq máртеbesi [The ecological and legal status of the Caspian region] . R.S. Beysenbaeva . Şıǵıstıń aymaqtıq xabarsısı – Regional East Bulletin. 1 (57), 15-20 [in Kazakhian].
- Vovk I.V., Ivanov P.O. (2013) Respublika Kazakhstan: poisk problemy pravovogo statusa Kaspiyskogo morya v posledneye onsyatiletiye KHKH veka [Republic of Kazakhstan: the search for a solution to the problem of the legal status of the Caspian Sea in the last decade of the twentieth century] . I.V. Vovk . Vestnik Orenburgskogo gosudarstvennogo universiteta – The Bulletin of the Orenburg State University. № 5 (154) 30-35[in Russian].
- Garashova S. (2010). O nekotorykh geopoliticheskikh aspektakh SSHA v Kaspiyskom regione [About some geopolitical aspects of the US strategy in the Caspian region] . Kavkaz i globalizatsiya – Caucasus and globalization. Vol. 4, 3-4, 33-40 [in Russian].
- Darabadi P. (2010) Kavkaz i Kaspiy v mirovoy istorii i geopolitike v XXI veke [The Caucasus and the Caspian in world history and geopolitics of the XXIst century.]. Moskva: «Vse miry» [in Russian].
- Zhil'tsov S.S., Zonn I.S. (2009) SSHA v pogone za Kaspiyem [USA US chasing the Caspian.]. Moskva: Mezhdunarodnyye otnosheniya [in Russian].
- Zhil'tsov S. (2014) Truby v Sredney Azii i Kaspiyskom regione: novyy etap krizisa [Pipelines in Central Asia and the Caspian region: a new phase of struggle] . Tsentral'naya Aziya i Kavkaz – Central Asia and the Caucasus. Vol. 17, 3, 139-153 [in Russian].
- Zhil'tsov S.S. (2016) Zhiltsov S.S. (2016) Russian-Iranian relations in the Caspian region: results and prospects . Zhil'tsov S.S. Otnosheniya Rossii i Irana v Kaspiyskom regione: perspektivy i perspektivy. The bulletin RUDN. International relations, 16 (4), 628-642 [in Russian].
- Sultanov, B (Eds.). (2012) Kaspiyskiy region: aktual'nyye problemy razvitiya (ekspertnoye mneniye): Kollektivnaya monografiya [Caspian region: actual problems of development (expert opinion): collective monograph]. – Алматы: KISI pri Prezidenta RK. [in Russian].
- Qazaqstan Respy`blikası Prezidentiniń arhivi [Archives of the President of the Republic of Kazakhstan.]. F. 75-N. I. 1. I. 4532. p. 8.
- Qazaqstan Respy`blikasınıń ulttıq arhivi [National archive of the Republic of Kazakhstan]. F. 179. I. 1. I.1148. pp. 3-5.
- Qazaqstan tarixi (köne zamannan büginge deyin) [History of Kazakhstan (from antiquity to the present)]. (Vols. 1-5). Vol.5.

Almati: «Atamura».

Magomedov A. (2005). Transportirovka Kaspiyskogo morya i Kaspiyana: geopoliticheskiye i regional'nyye izmereniya [The struggle for Caspian oil and Caspian transit: a geopolitical and regional dimension] . Tsentral'naya Aziya i Kavkaz – Central Asia and the Caucasus, 1 (37), 93-106 [in Russian].

Mamedov Z. (2005). Regional'naya bezopasnost' v kontekste OET Baku-Tbilisi-Dzheykhan [Regional security in the context of the Baku-Tbilisi-Ceyhan MA] . Obozrevatel' – Observer, 2005. №7 (186). Retrieved from <http://militaryarticle.ru/obozrevatel.2005-obozrevatel.13597-regionalnaja-bezopasnost-v-kontekste-ojet-baku> [in Russian].

Nazarbaev N. (1999). Tarix tolqimında [In the stream of history]. Almati: Atamura.

Tomberg I Voyennyye riski global'noy energetiki [Military risks of world energy] . Retrieved from <http://www.wpru.ru/archives.date.2008.08.19.http://fondsk.ru/article.php?id=1548>. Date: 30.05.2019. [in Russian].

Sultanov, B.K. (Eds.). (2012). Tsentral'naya Aziya i Kaspiyskiy region: riski, byzovy, ugrozy [Central Asia and the Caspian region: risks, challenges, threats]. Almati: KISI pri Prezidenta RK. [in Russian].

Sirooykhkin, K.L. (Eds.). (2011). Tsentral'naya Aziya segodnya: vyzovi i ugrozi [Central Asia today: challenges and threats]. Izdaniye Almati: KISI pri Prezidenta RK. [in Russian].

Chernitsyna S.YU. (2014) Problemy Kaspiyskogo regiona: regional'nyye i global'nyye aspekty [Problems of the Caspian region: regional and global aspects] . Obozrevatel'-Observer, 12, 13-23. [in Russian].